# "2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 1300 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 632 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 1300 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«3. 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шеңберінде іс-шараларды іске асыруға көзделген қаражаттан 27 253 999 мың теңге мөлшеріндегі сома:»;

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне 2 452 200 мың теңге сомасында облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттерін аудару үшін:»;

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекендерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға және (немесе) реконструкциялауға – 1 983 250 мың теңге;»;

2) көрсетілген қаулыға 32-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 10 тамыздағы
№ 632 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 11-желтоқсандағы

№ 1300 қаулысына
32-қосымша

# Облыстық бюджеттерге Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға берілетін нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу

| Р/с № | Облыстардың атауы | Сомасы, мың теңге | оның ішінде | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жұмыс берушінің қажеттілігіне сәйкес еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру шеңберінде | | | |
| | | | қызметтік тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға | инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) сатып алуға | жастарға арналған жатақхана салуға, сатып алуға, құрылысын аяқтауға | Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекендерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға және (немесе) реконструкциялауға |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | Барлығы: | 2 452 200 | 64 000 | 160 016 | 244 934 | 1 983 250 |
| 1. | Ақмола облысы | 2 047 250 | 64 000 | | | 1 983 250 |
| 2. | Шығыс Қазақстан облысы | 160 016 | | 160 016 | | |
| 3. | Солтүстік Қазақстан облысы | 244 934 | | | 244 934 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК